

FTAMP 17.82.30

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Хамзина Г.С.,

ф.ғ.к., М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының
доценті, Петропавл қаласы, Қазақстан Gulzada_76@mail.ru

Андатпа

Мақала сөйлеу тілінің элементтері кейіпкерлердің тілдік қарым-қатынасын толықтырып, айтылар ойды жеткізуде, кейіпкер бейнесін ашуда мәні үлкен екендігін көрсетіп, қарастыруға арналды. Ауызекі сөйлеу тілінің элементтері мақсатты түрде қолданылғандығы нақты мысалдар негізінде дәйектеледі. Қаламгер шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін әр қырынан танытып, олардың образын жасауда түрлі сөйлеу мәнерін пайдаланады. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланыста беріледі. Бейнелі, әсерлі сөз қолданыстарын молынан қолданып, қажетіне жаратуы – халық тілінің байлығы, ауыз әдебиетінің нақыл сөз үлгілерінің әдеби тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталды.

Түйін сөздер: Эвфемизм, дисфемизм, диалектизм, эмоционалды-экспрессивті лексика, жаргон сөздер, дублеттік варианттар, синонимдік қатар, әдеби тіл.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ РАЗГОВОРНОГО ЯЗЫКА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Хамзина Г.С.,

к.ф.н., доцент кафедры «Казахского языка и литературы» СКУ им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, Казахстан Gulzada_76@mail.ru

Аннотация

Статья посвящена элементам речи, дополняющим языковое общение персонажей, показывающим, что слова важны в передаче идей, раскрытии образа персонажа. Целенаправленное использование элементов разговорной речи подтверждается конкретными примерами. В своих произведениях писатель использует разные стили речи для создания образа персонажей с разных сторон. Черты характера и особенности речи связаны с их внутренним миром. Было обнаружено, что богатство разговорного языка, использование пословиц в устной литературе способствуют обогащению и созреванию нашего литературного языка.

Ключевые слова: Эвфемизм, дисфемизм, диалектизм, эмоционально-выразительная лексика, сленговые слова, дуплетные варианты, синонимические ряды, литературный язык.

USING SPEAKING LANGUAGE ELEMENTS IN WORKS

G.S. Khamzina,

Ph.D., Associate Professor of the Department of «Kazakh Language and Literature»,
SKU named after M. Kozybaeva, Petropavlovsk, Kazakhstan Gulzada_76@mail.ru

Annotation

The article is devoted to the elements of speech that complement the linguistic communication of characters, showing that words are important in conveying ideas,

revealing the image of a character. The purposeful use of elements of colloquial speech is confirmed by specific examples. In his works, the writer uses different styles of speech to create the image of characters from different angles. Character traits and features of speech are associated with their inner world. It was found that the richness of the spoken language, the use of proverbs in oral literature contribute to the enrichment and maturation of our literary language.

Key words: Euphemism, dysphemism, dialectism, emotionally expressive vocabulary, slang words, doublet variants, synonymous series, literary language.

Кіріспе

Жалпы көркем шығармаларда әрбір кейіпкердің сөз саптауы мен сөз мәнері әр түрлі болып келеді. Бұл олардың қоғамда алатын әлеуметтік жағдайына, ортасына байланысты болып келеді. Сол себепті, олардың әрқайсысының өзінше сөйлеу дағдысы болады. Кейіпкер тілінің осындай ерекшеліктері тілдің лексикалық және грамматикалық қабаттары арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің тілі арқылы оның мәдениеттілігі, жас мөлшері, қызметі, кәсібі, өскен ортасы, сыпайылығы, дәрежелігі т.б. бейнелері байқалады. Кейіпкердің сөйлеу мәнеріндегі өзіндік ерекшелігі оның лексикасынан басталатыны белгілі [1, 5 б.]. Ал сөйлеу тілі лексикасының құрамына қарапайым, тұрпайы, жаргон сөздер де жатады.

Тілімізде ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік материалдар аз емес. Мұндай сөздер әдеби тілге жатпаса да көркем шығармаларда кездеседі. Көркем шығармада түрлі кейіпкерлердің болатыны және олардың арасында қақтығыстардың да болып тұратыны заңдылық. Ал өмірде әр түрлі жағымды, жағымсыз адамдардың бар болуы – өмірдің шындығы. Бұл туралы академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс», – деген тұжырым жасайды [2, 62 б.].

Шығарма материалына негіз болатын жағымды, жағымсыз адамдардың тілі – тіл білімінде табу, эвфемизм дисфемизмдер (какофемизм) деп аталады. Қаламгерлер сөздерді өз мағынасында пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтірілген мағынада, қанатты сөздер мен тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында пайдаланады [3, 93 б.].

Негізгі бөлім

Эвфемизмдер мен дисфемизмдер – көркем әдебиетте жиі кездесетін экспрессивті және эмоционалды лингвистикалық қолданыстар. Бұлардың айырмашылығы экспрессивтік ренкінде, мұндай сөздердің барлығы күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Сөздің мағынасы дәрежелі болып келген жағдайда тілдегі басқа бір сөзбен алмастырылып беріледі. Мұндай жағдайда дәрежі, тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер қолданылады. Тіл білімінде мұндай құбылыс эвфемизм деп аталады [4, 71 б.].

Жазушылардың шығармаларында тілдік құрылымның бір қатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Қаламгерлердің стильдік даралықтары олардың белгілі тілдік құралдарды қолдануларындағы ерекшеліктерінен көрінеді.

Эвфемизм – көркем шығарма тілінде өзіндік тиімді орны, реті бар болып келетін сөз қолданыс түрі. Зерттеушілер эвфемизмді ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің негізгі бір тәсілі деп санайды. Эвфемизм, сыпайы сөз – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Олар (эвфемизмдер) сөздердің синонимдік қатарын молайтады. Синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде эвфемизмдердің қызметі жайлы

синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілі болып саналады» [5, 311 б.].

Әкесі Сүтемген осыдан үш жыл бұрын **дүние салғанда** дөңгелек дәулетінің иелігі соңынан ерген жалғыз тұяғы осы Наймантайға тиген (А.С., «Аққыз», 63-б.). Сонда бір барымтада біздің Қарағаш елінен бір жігіт **мерт болып**, осы Аққызбен ердің құнын даулап, екі елдің арасындағы ырың-жырыңды басуға бардық (Сонда, 96-б.). Күйеуі бұдан екі жыл бұрын **қайтыс болып**, үйелмелі-сүйелмелі бір қыз, төрт баламен жесір қалған ауыл шетіндегі Қымқаның үй іші бүгін күндегісінен ерте тұрды. Күн жұма болатын. Тіршіліктің бітпейтін күйбеңімен жүріп **қайтыс болған** ерінің аруағына бағыштап жеті-сегіз айдан бері тым болмаса отқа май да тамызбапты (Д.И., 367-б.). Бірақ тағдырдың жазуына дауа бар ма, бәйбіше, тоқалдан көрген жеті перзенті бірінен соң бірі **шетіней-шетіней**, ақырында қарайып жалғыз Аққыз қалған (А.С., 82-б.). Дұшпанынан кек ала алмай іштей тынып Доскей де **көз жұмды** (Д.И., 251-б.). Кешеден бері **жамбасының көрпе иіскеп отырғаны** осы ғана (Д.И., 337-б.). Әбден қалжырап қалған екен, **жамбасы көрпешеге тиген** бетте-ақ маужырап ұйықтап кетті (Д.И., 342-б.). «Қаракесекке кеткен малымды қайтарып алуға қауқарым жетпейді емес, аралбай – тарақтыны төсекте басы, төскейде малы қосылған, намысы бір ел екенін сырт дұшпан білсін, білсін де **артын қысып жүрсін** деп, салмақ салып отырмын» депті Алтыбай (А.С., 49-б.). – **Артты қысқаннан** артық айла жоқ (О.Б., 304-б.). Соңғы мысалдардағы «құйрығы», «көтенін» деудің орнына «арты», «жамбасы» деген эвфемизм алынған. Өлді деген жағымсыз сөздің орнына – **дүние салғанда**, **мерт болып**, **қайтыс болған**, **шетіней**, **көз жұмды** деген синонимдік қатарлар қолданылған.

Қорғанып, қаймыға беруші ем, бертін келе абысыныма **ауыр сөзді** мен айтатын болдым (Б.Н., 194-б.). Көшенге қосылғалы көп жыл өтсе де, Жаңыл әлі **құрсақ көтерменгі** (Б.Н., 195-б.). Бірақ бәрі жазудан зой, сол тоқалының **етегі қанамай-ақ** кетті (А.С., 45-б.). Өлген қызы Жақыптан емес екен, қыз күнінде **ойнап қойып**, содан болыпты (Сонда, 196-б.). Шынында да «өкпеледім» дегене етегін көтере беретін мәңгу болса керек, әкесінің **оң жағында** отырып, ұялмай-қызармай арыстай бір ұл тауып алды (Сонда, 46-б.). «**Қол жұмсады**», -дегенді естіп, қайран қалды (Сонда, 212-б.). Сағыныштан тағатымның таусылып келе жатқаны да рас, – деп Тұрсын өзінің **сөзуарлығына** салып, әңгімесін өрбіте берді (А.С., 71-б.). «...Ол әңгіменің бәрі өтірік. Қыжымкүл қызымыздың өзі оң босағада отырып **жүкті болып қалыпты**. Сонан соң әке-шешесі...» (Д.И., 360-б.). Алғаш рет өз үйіне жаны ашыды. «**Үйлену керек** екен-ау, – деді ішінен, – үйленбесе, үй жетім боп барады екен. Иә, **үйлену керек!**» (Сонда, 345-б.). Жоғарыда келтірілген кейіпкер тілдеріндегі «боқтық сөз» дегеннің орнына «ауыр сөзді», әйелдің терісқылықты іс-әрекетін «ойнап қойып», «ұрды, соқты» сөзінің орнына «**қол жұмсады**»; «буаз» сөзін «**құрсақ көтерменгі**», «**етегі қанамай**» және «**жүкті болып қалыпты**», «**оң жағында**»; «мылжың» деудің орнына **сөзуарлығына**; «**қатын алу керек**» дегеннің орнына «**үйлену керек**» деген сөз тіркестерін орынды қолданғанын көреміз.

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдік нормаларға да байланысты болып келеді. Ғалым Ә.Хасеновтің айтуынша, ең көп тарағаны – ауру-сырқатқа байланысты [6, 79 б.]. Трахомасы қандай ауру деп біреулерден сұрап ек, орысшаға жетіктеу бір жігіт қазақша оны «**қарыққан**» дейді деп долбарлап түсіндірді (С.Ж., 292-б.). «**Көзін шел басыпты**», - деген сөзіне алғашқыда жүрегім мұздап есімнен кетпей жүруші еді, кейінгі кезде оны ұмытып, көз ауруға әбден етім

өліп алды (С.Ж., 315-б.). Әкесі **қыл тамақтан** өлгенде ол іштегі алты айлық бала еді (Д.И., 346-б.).

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстарын өз атымен атамайтын болған. Олардың әрқайсысына лайықтап, өз тарапынан басқадай ат қойған. Мәселен, А.Сейдімбековтің «Аққыз», «Қыз ұзатқан» туындыларында әдет-ғұрыпты сақтаған жеңгесі қайын сіңілісінің, мінезіне, тұр-тұрпатына, өнер-талабына лайықтап ат қойғанын көреміз.

– Е, бәсе-бәсе, құдайға шүкір, өзгеге сөзім өтпесе де, **Еркеме** сөзім өтеді.

Сыртыңнан есті жігіт деп естиміз, түбі қапы болмасын деп жатқаным зой... (А.С., 106-б.). – **Еркем-ау**, не дейсің?! – деп Айкүміс еңіреп қоя берді, – Не деп отырсың?! Бұ тағдырға не жазып ең, осыныша қорлайтындай! Маған ұнамағаны, белгі болсын деп сұраған заттары еді, **Еркем** («Аққыз», 111-б.). Ал **Еркежан**, қысылмай сөйлесіңдер, торғай шырылдаған кезде келермін, – деп кетіп қалыпты («Қыз ұзатқан», 51-б.).

Оқырманның эстетикалық талғамын жетілдіру үшін көркемдеуіш құралдар, эмоционалды-экспрессивтік қызмет атқаратын сөздер қолданылады. Әдетте жағымсыз, әдепсіз, дөрекі, тұрпайы сөздер, дисфемизмдер кейіпкердің ауызекі сөйлеу тілінде қолданылад, көркем прозада олардың жасалу жолдары, қолданылу аясы әрқилы.

Дисфемизмдер – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Тілімізде стильдік қызмет атқаратыны сөзсіз. «Дисфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады», – деп пайымдайды Ә.Ахметов [50, 56 б.]. Шындығында, дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер бір адамды кемсіту мағынасында жұмсалады. Дисфемизмдер әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Дисфемизммен сөйлейтін адамдар мәдениеті төмен, әдепсіз адамдар деп есептелінеді. Бұлар көркем шығармада, көбінесе, ауызекі тілдің сөйлеу ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады. *Жоқ өсекті жанынан шығарып та кей адам ләззат табады. ...Ой, өлік-ей, өле алмай жүріп епті екенсің өзін! ... Қатынын қуанта түскісі кеп күніңді ме, тапқырлығы ұстап солай дегізді ме әлде* (Б.Н., 193-б.). – **О, сорлы**, соған да аузыңның суын құртып, **сайқал** да ол бір (Сонда, 193-б.). *Сол-ақ екен: «А-а жүзіқаралар, дәмелерің зор екен!»*, – деп ақыра ұмтылған екінші жылқышы *Наймантайға сарт-сұрт сойыл сілтеп қалды* (А.С., 75-б.). Бұл сөздер кейіпкердің ашу-ызасын беру мақсатында қолданылған. Кейіпкердің сезімін білдіре отырып, эмоционалдылықты күшейте түседі.

Тілімізде жағымсыз «өлім» ұғымын беруде әр түрлі дисфемистік қолданыстар баршылық. *Әке қайда, толып жатқан ағалар қайда, шешесі өлгенде мола басында шырқырап жылап қалған іні қайда? ...шешесінің өлімін естіген жоқ, естімесе де кәрілік жетіп көз жұмған шығар деп ойлаған, ал, қалғандары ше?* (Д.И., 411-б.). Сонда *Аққыз жиналғандарды таң-тамаша етіп, «Өлер адам өліп кетті, ердің құнын еселеп даулағанмен өлген қайта тірілмейді»* (А.С.), 97-б.). *«Өлген қызы Жақыптан емес екен, қыз күнінде ойнап қойып, содан болыпты»* (Б.Н., 196-б.). *Нұржаным шын жоқ болса, қара жерге қағып жіберсеңші, күл гып жіберсеңші! ... «Жай түссін, жайрайын деп» деп ем* (Сонда, 321-б.). Осындай жағымсыз сөздер кейіпкерлер мінезін ашу, оқиға шындығын көрсету қызметінде жұмсалған.

Мәтіндерде кейіпкерлер тілінде кездесетін қарапайым сөздер әсіресе мінез-құлық ерекшелігін айқындауға, образды аша түсу мақсатында да жұмсалады:

– Тұу, мынаның **көк малтасын езуін-ай!** (А.С., 73-б.).

– Мына тіл-аузы жоқ **дүлей** қырды зой... (Сонда, 76-б.).

Па, тағы ішіңсің ғой, сабаз! (Б.Н., 198-б.).

– *Шошқа тағалап па ең шаршатайын?! – Қолын икемдеп тағы әкелді* («Кінәлі махаббат», 205-б.).

– *Жеңіл нәпсі іздеген жынды неме екен деп жүрмегейсің, күйеуің қызғанишақ көрініп еді, бағасын білмейтін біреу ме деп, сол түннен бері түк есімнен шықпай қойдың* (Сонда, 206-б.).

Молдарәсіл орнынан салбырап еріне көтерілді. Басын таңып алған үлкен шаршы орамалын шешіп белін буынды.

– *Кімдер екен?*

– *Ит білген бе кім екенін* (Д.И., 327-б.).

– *Тфу, енеңді... Не деген көк ми едің.* – *Ерніндегі темекінің сабағын тістеп, үзіп алды да түкіріп тастады* (О.Б., 280-б.). Берілген мысалдар арқылы кейіпкердің жақтырмай тұрғанын байқаймыз және де кейіпкердің ренішін, қапалану сезімін білдіретін сұраулы, лепті сөйлемдердің стильдік мақсатта жұмсалғаны байқалады.

Түркі тілдес халықтардың тілінде «хатун», «хатын» сөздерінің қолданысында ешбір дөрекілік, жағымсыздық байқалмайды, ал қазақ тіліндегі «қатын» сөзін сыпайы сөздердің қатарына жатқыза алмаймыз. Мұндай сөз әйел, жұбай, зайып, ақжаулық сияқты жағымды болып естілетін сыпайы сөздермен алмастырылып отырылады. Ал «қатын» сөзі, ұрғашы, шүйкебас, төменетек, қаншық, салдақы сияқты жағымсыз, кемсіту, дөрекі мағынасындағы сөздермен қатар қарапайым сөйлеу тілінде дисфемистік мәндегі мақал-мәтелдер ұшырасады. Ғалым Ә.Ахметовтің тұжырымдауы бойынша, «фразалық тіркестермен қатар мақал-мәтелдер де дисфемизмдердің қайнар көзі деген қорытынды жасауға әбден болады» [7, 60 б.]. – *Шырағым, «Қарамаса қатын, бақпаса мал кетеді» демеп не еді бұрынғылар* (А.С., 64-б.). Кейіпкер осы мақалда дөрекі сөзді қолдану арқылы сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды күш-қуатын арттырып, айтар ойын дәл, нақты жеткізген.

Кейіпкерлер менсінбеу мағынасында төмендегі сөздерді қолданған:

– *Ой, боқмұрын сол, тұра тұр, деймін, тұра тұр. Мына неме қайтеді-ей!*

О тартпай кет, тартпай кеткір! Құдды әкесі, былдыр-былдыр етіп екі сөздің басын құрай алмайтын, - деп іштегілер сыртынан мұқатып зығыры қайнап қала берді (С.Ж., 314-б.). Бірақ мына *сүмелек* сияқты бәрімізді су жүрек деп ойлама (Сонда, 270-б.).

– *О, мәлжубас. Санап жүр екенсің ғой сен, мәлжубас-а? - Қап, мына алжыған неменің қылығын-ай, ә! Дуана боп, бетімнің суын бес төгіп өлдім-талдым әрең тапқан көкнәрді зая кетірдің-ау, нәлеті!* (Д.И., 319-б.).

– *Мәлжубас!* – *деді шалы күңк етіп. – Қайнат шайыңды тездетіп* (Сонда, 320-б.).

– *Ей, талтаймай, аяғыңды жиып отыршы, қатыныңның төсегінде отырғандай іштейсің ғой, - деп Бақытжанның қатып қалған пимасын өзінің тоң болып серейген пимасымен тоқ еткізіп теуіп жіберді* (О.Б., 321-б.).

– *Байеке-ау, мына жаман не деп тұр, үйлендім деді ғой, - деді сылқылдай күліп* (Сонда, 396-б.).

– *Әй, байқап-байқап сөйле, білдің бе? Мен колхоз құрысып жүргенімде, сен көжеңді жылап ішетін мұрынбоқ болатынсың* (Д.И., 404-б.). *Ол иттің күшігі қайда жүр?* (Сонда, 241-б.) *Әй, боқмұрын, нағып тұрсың сүмірейіп, шығар тайларды!* (Сонда, 245-б.) *Әй, боқмұрын, мін атқа, тұра беретін уақыт жоқ* (Сонда, 246-б.). Кейіпкерлердің көңілдері толмау мағынасында жұмсалып, сөйлемге эмоциялық реңк беріп тұр.

С.Жүнісов, Д.Исабеков шығармаларында адамның дене мүшесінің кемшілігін көрсететін жағымсыз, дөрекі сөздерді кейіпкер тілінде ұтымды қолданады: *Менімен алысып, әбден зықысы шығып ыза болған Әбен тістеніп тұрды да, бүйірімнен бір тепті. Ол аз дегендей кетіп бара жатып: – Басыңа қой, соқыр неме! – дегені бар емес пе. Денем мұп-мұздай болып кетті. Осы сөзді бір көрші әйелдің аузынан да естідім. «Ыдырыстың соқыр баласы», – деп беті бүлк етпестен айтып тұр екен* (С.Ж., 315-б.).

– Әй сен қай баласың? Ана, **бір көзі шиша, ақсақ падашының** кеше ғана жалаң бұт жүрген ортанышысымысың? (Д.И., 405-б.)

– Байла деймін, **тас керең!**

– Кімді... кімді дейшіз?

– Ой, **миғұла сақау**, баланың деймін!

Осы сөйлемдердегі **соқыр, сақау, тас керең** сөздері кейіпкердің дене мүшесіндегі кемтарлықты айтып, кеміту мақсатында қолданылған дисфемизмдер.

Кейіпкерлер тіліндегі жайсыз мәнді қарапайым сөздер сөздің экспрессивтілігі мен мәнін күшейтеді және пендеге немесе анық өмір құбылыстарына байланысты айтылады, дөрекі сөздер кейіпкер образын нақтылай, анықтап беру үшін қолданады.

Жасыратыны жоқ, өзіміздің арамызда қазір де орыс сөздері мен қазақ сөздерін араластырып дөрекі, қойырптақтап сөйлейтіндер жеткілікті. «Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макаронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де осында. Бұл шарт – тәсіл, стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады» [8, 38 б.].

С.Жүнісовтің «Әжем мен Емші және Дәрігер», Д.Исабековтің «Тіршілік», О.Бөкейдің «Қар қызы» шығармаларында варваризмдер де белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған. Тілді шұбарлап сөйлеудің түрлі себептері бар, сөйлеушінің өз сөзіне мән бермей, әдеті болып кетуі болса, енді бір жағдайларда оның сөздік қорының аздығы, тілінің жұтандығы себеп болып жатады. Кейіпкер аузына орыс сөздерін салу арқылы тіл шұбарлаудың жиі кездесетіндігін және варваризмнің сол уақыттағы адамдардың тіліне тән екендігін ерекшелеп көрсету мақсатында салады: *Қонаққа шақырғандар дастарқанға бауырсақ төксе, «Што такой думалақ» деп жемей қойыпты. Ал Ырыскелді менің көзімнің ауруын естіген соң: - О, бұл чепуха! – деп көңілімді бір көтеріп тастады. – Мен колхоз – «Жаңа жол». Жол блохай. Осында келінім – қызымке болнай. Сол қайда? Давай, үйге алып кетуге келдім. Мынау соның баласы - бараниігі. Көзі ауырады. Бұл да болнай. Бұны да қаратайын деп едім. - Важнай ваброс* деймісің-ай, көгала!

– Болтай, кәне тұр. Тамақты қайтып кеп ішерсің. Сенің баруың **абезательно!** – деп Қайкен дігірлеп тұр.

– Қасында ауданнан келген уәкіл бар. Неге шақыратынын білмеймін. Шақырып кел деді, шақырдым, **ивсо!** – деп, әлгі бала келте жауап беріп шығып та кетті.

Е-е, бұлардың бәрі әліне қарамай тумай жатып шетінен **зәкүниіл**. Шешелеріңнің қойнына әкелерің емес, **зәкүн** түнеген бе осы-а?

- Шалын құдай ма еді сонша. **Әйда**, екінші көрмейтін болайын.

- Ойбай-ау, – деді Киван жұртқа қарап, – мынау не дейді-ей, а! Кемпір сенікі ме, менікі ме? Мені тап бір **әмірикадан** келгендей... **Әктілеймін** дейді ғой маған барып.

– *Әкеңнің аузын ұрайын, **сволыш**, ойнайды екен десем, шындап жүр ғой.* Қаламгерлердің повестеріндегі негізгі қарым-қатынаста кейіпкерлер екенін ескере отырып, жазушылар варваризм сөздерді кейіпкерлер тілінің ерекшелігін көрсету үшін де қолданғандарын байқаймыз.

Д.Исабековтің «Тіршілік» туындысында жаргон сөздердің болуымен де ерекшеленеді. Т.Пірімбетов жаргон сөздер туралы: «Олар жалпы халықтық лексикасындағы сөздерді өз мұқтаждықтарына пайдалану үшін арнайы түрде фонетикалық, семантикалық басқа мағынада өзгертіп қолданылатын жасанды (искусственный) тілге жатады» деген анықтама береді [8, 12 б.].

*Кассир де ылғи үш сомдықтан берген екен, үйге келген соң кемпірін қасына мөлтітіп отырғызып алып, түн жарымы ауғанша санады. Құдай-ай, **шпаналар** тонап кетер ме екен, – дейді кемпірі көзі алақандай боп.*

– *Мұншама алдым деп жария қыла берме, арзымайтын пұл дей сал.*

– *Далбасалама, – деді шалы ежірейіп, – ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады.*

***Шпана** сені нығылады. **Шпана** сені көргенде тұра қашар. Шайыңды ысыт. Кемпірі оған таңырқай қарады. – Неменеге бақыраясың? Шайыңды ысыт! Үш күннен бері ақшаның соңында жүрем деп көкнәр де іше алмадым. Қыжымкүл орнынан сүйретіліп көтеріле берді де, тіреуді құшақтап тұрып қалды. – Не болды, әй, – деді шалы зекіп, – **шпана** көрдің бе? (Д.И., «Тіршілік», 408-б.) Бұзақы, тәртіпсіз, ұрлық жасайтын жасөспірімдер ұғымындағы жалпы халықтық лексикасындағы бар сөздерді екінші мағынада «шпана» сөзі - кейіпкер тілінде жұмсалған жаргон сөз.*

Жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын, дәстүрлі норма болып қалыптасқан, баршаға ұғынықты әдеби сөздермен қатар түрлі өңірде түрліше айтылып, өзгешеленіп тұратын сөздер мен сөз тіркестері көптеп ұшырасады. Мұндай сөз қолданыс жергілікті ерекшеліктер (диалектизмдер) деп аталады [9, 9 б.].

Көркем әдебиет тілінде диалектизмдер кейіпкер образын жасау ашу үшін, жергілікті халықтың ерекшелігін көрсету үшін қолданады. Қаламгерлер кейіпкерлердің аузына диалектизмдерді көркемдік мақсатта салады. Диалектілік ерекшеліктерді орнымен қолданбаса, әдеби тілді шұбарлайды.

Академик Ә.Қайдаров: «Тілде қанша сөз болса да, ол тек қоғам мүшелеріне қажеттілігінен ғана дүниеге келген, ал олардың бәрі бірдей ғасырлар бойы сақадай сай сайланып тұруы мүмкін емес. Дегенмен, бір заманда ғимараттың бейне бір кірпіші тәрізді өзіне тілден орын тапқан сөздердің сол ғимарат тұрғанда басы артық болмаса керек», – дейді [10, 12 б.].

Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаев диалект деген терминге мынадай анықтама береді: «Жалпыхалықтық сипат алмаған белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекеленген аймақ, территорияны білдіреді» [11, 4 б.].

Жазушылардың шығармаларындағы жергілікті ерекшеліктер (диалектизмдер) кейіпкер тілінде де, авторлық ремаркада да ұшырасады.

Қаламгерлер кейіпкерлерінің белгілі бір өңір тұрғыны екенін білдіру үшін, кейіпкер тілінің нанымды шығуы мақсатында жұмсаған.

Жергілікті тіл ерекшелігіне жататын *бағана, азан, ақ сөңке, тәте, әбүйір* сөздері кездесті: *Тұрсынның есіне **бағаназы** қайың қызықты шымға тоқпақсыз сіңіріп жүрген жылқышы жігіт түсті (А.С., «Аққыз», 71-б.). **Азаннан** кешке дейін осы қимылмен-ақ бітіріп тастайды (Д.И., «Сүйекші», 227-б.). Қол созым жерде **ақ сөңке** боп бықып жатқан арша анау... («Қыз ұзатқан», 40-б.)* бұл сөйлемдердегі *бағана* (Ақтөбе, Қараб.) *мана, азан* (оңтүстік өңірде) *таңертеңгі уақыт, ақ сөңке* орман ішіндегі қураған бұтақ, тал, бос ағаштар деген мағыналарында жұмсалған.

Жолға дайындалу керек. Білгендей-ақ тәтеме монша жағып қой деп едім (О.Б., «Қар қызы», 288-б.). Алтай өңірінде *ана, шешеге* қарата айтылатын *тәте* сияқты жергілікті тіл ерекшелігін кейіпкер тіліне әдейі салған.

Фонетикалық ерекшеліктерге кейбір сөздердің не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылуы жатады. Солтүстік-батыста көбіне айтылатын біраз сөздер оңтүстік-шығыста жіңішке айтылады.

Осыған байланысты повестерде фонетикалық ерекшеліктерге байланысты жіңішке айтылатын сөйленістерді де байқадық.

Қызымыз қаишты, бетімізге салық екені рас, бірақ жат босағаны аттатпай жолдан қайырдық, онымыз әбүйір (Д.И., «Тіршілік», 350-б.).

Әбүйір – *абырой* деген сөздің фонетикалық ерекшелікке түскендігін көреміз.

Көркем мәтіндерді талдауда кездескен сөйленістердің фонетикалық ерекшелігін төмендегідей топтастырдық:

Дауысты дыбыстардың алмасуы;

ә/е. *Әлбәттә* – *әлбетте*.

– *Әлбәттә, әлбәттә. Жүд-дә дұрыс!* – деді сақал сауған шалдар бас шұлғып (Д.И., 347-б.).

Кейіпкер сөйленісіндегі *жүдә* күшейткіш үстеу мәнінде қолданылып, сөздің экспрессиялық қуатын арттырып, кейіпкердің жақсы сезім-күйде отырғандығын байқатты.

Жүдә (өте), *әлбәттә* деген оңтүстік сөйленістеріне өзбек тілдері арқылы енген.

і/е. *Үлгірейін* – *үлгерейін*.

Үйде жалғыз отырғам, жүрегім өз-өзінен өрекіп аузыма тығылды. Не де болса сыртқа шығып үлгірейін деген оймен, жан ұшырып есікке ұмтылдым (Б.Н., 205-б.).

е/і. *Ерегескенде- ерегiскенде*.

о/і. *Борақ* - *бірақ*.

Ерегескенде, оны ызаландыра түскім келді (Сонда, 200-б.).

Далада жел болғандықтан дәлізге қойылған самаурын қайнағанша шалының «тездет» деген дауысы талай рет қайталанарын жақсы біледі, және «тездет» дегенде қара кемпірі сары самаурынның ішіне түсіп кетпесін, айқайдан соң ысылдап шай келе қоймасын Киеванның өзі де біледі, *борақ* көкнәрға құныққан сәттегі әдет араға екі-үш минут салып қайталана береді (Д.И., 316-б.).

ү/о. *Үйбай-ай!* – *ойбай-ай!*

- *Бір кезде әлгі иприцті қабағымның жұмсақ етіне кірші еткізді.*

- *Үйбай-ай!*

- *Енді қайтейін!* (С.Ж., 331-б.).

Шығармаларда кішкентай, үлкен, зор сөздерінің диалектілік нұсқалары көптеп кездеседі. Олар көбіне **-тей, -дай, -дей** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *Аяғым ауырлаған сайын Айгүл де маған ауыр тие бастады. Жыласа, жұбатып; дымқылдап қойса, жуып құрғату қажет; үй шаруасы тағы тұр – соның бәрі әбден сансыратты. Енемнің титтей септігі жоқ, бала жұбатқанға олақпын деп, қыңқ десе-ақ қасына отырмайды* (Б.Н., 191-б.). *Екі иығына екі кісі мінгендей, атан жілікті жартастай боп біткен сом тұлғасы бұрынғысынан әлдеқайда абаждай болып көрінеді* (О.Б., 72-б.). – *Мүмкін сен операциядан қорқатын шығарсың?... Қой бірақ сендей жігіт қорқушы ма еді. Титімдей балаларға дейін жасатып жатқан операциядан сенің қорқуың мүмкін емес, - деп өз сұрағына өзі жауап берді* (С.Ж., 325-б.). Келтірілген кейіпкер тіліндегі *титтей, титімдей* және кейіпкердің

тұлғасын суреттегендегі *абаждадай* сөйленістерін жергілікті тіл ерекшеліктеріне жатқыздық.

Бір заттың ұғымы Қазақстанның түкпір-түкпірінде кейде бірнеше синонимдер арқылы беріледі немесе бір ұғымды білдіретін сөздер әр жерде әр түрлі вариантта қолданылады. Ғ.Қалиев пен Ш.Сарыбаев әдеби варианты анықталмаған дублеттік қатарды былай көрсетеді: «Әдеби компоненті анықталмаған, әдеби тілде жарыса қолданылып жүрген синонимдік қатарлар мен фонетикалық дублеттер жатады. Дублеттік варианттардың мына сыңары әдеби тіл, мына сыңары диалектизм деп кесіп айту қиын. Өйткені олар әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүр, бірақ келешекте әдеби варианты анықталады», – деген [11, 71 б.]. Д.Исабеков повесінде осындай дублеттік варианттарды кездестіре алдық. Мысалы: *Қырдағы ауылдың қораздары шақыра бастады. Киеван көзін жұмып отырып босаған кесесін кемпіріне қарай домалатып жіберді, кемпірі шай құйып ұсынды, бұл көзін ашпаған күйі қолын дәл созып ала қояды* (Д.И., 317-б.). *Қырдағы ауылдың әтеіштері үшінші рет шақырғанда, Киеван көкнәрға жаңадан кірісе бастады* (Сонда, 320-б.).

Әтеіш//қораз сияқты мағынасы бір, бірақ әрбір сыңары дыбысталуы жағынан бір-біріне ұқсамайтын сөздер.

Әдеби тілде де, диалектіде де кейде сөздердің айтылуы бірдей болады да, мағыналары әр түрлі болып келеді, мысалы, **там** деген сөз *үй* және *мола* деген мағынада әр жерде әр түрлі ұғынылады. Оңтүстік-шығыс қазақтарының тілінде бұл сөз *үй* мағынасында жұмсалады, ал солтүстік-батыс аймақтарында бұл сөз *мола*, *моланың күмбезі* мағынасында айтылады.

*Бейтаныс жол-жөнекей бір тіл қатқан жоқ. Атқа қамшыны көміп отырып, бір сағаттық жолды артқа тастаған соң бұзылған бір **тамның** қасына кеп, сонда тұрған ер-тұрманы сай басқа атқа ауысып мінді де, өзен жиегіндегі құлама, биік жарқабаққа қарай тіке тартты* (Д.И., Тіршілік, 335-б.).

*Бұлар жол жабдығын буып-түйіп, қоржын-қосқұлағын атқа артып дайын еткен соң Қымқа Тоқсанды Оспанға көтертіп, **там** айналдырып жіберді* (Сонда, 368-б.). *Мал түсірген бе, жел түсірген бе, терезе орнына тығылған жастық жерге домалап, аядай сыз **тамның** іші азынап тұр екен* (Сонда», 231-б.). Д.Исабековтің «Тіршілік» және «Сүйекші» повестерінде *там* сөзі оңтүстік қазақтарының тіліндегі *үй* деген мағынасында жұмсалған.

Жазушылардың шығармаларындағы диалектілік лексиканы төмендегідей тақырыптық топтарға бөлеміз:

1. Үй құрылысына, шаруашылығына байланысты атаулар: **Дәліз**. Ауыз үй, сенек, кіре беріс (Қ.Орда, Сыр., Шымк., Ленг., Жамб.:Тал., Луг.). *Кенет дорбаның саудыр етуі мен шалының «шай қой» деуінен кемпірі бұл жолы оның құр қол емес екенін аңғарып, шай қамымен лып етіп **дәлізге** шығып кетті* (Д.И., 315-б.). «Тіршілік» туындысында *дәліз* сөзі 4 рет кездеседі. **Жабық**. Төбесі жабық қора (Жезқ., Ұлы.). **Жабықтан**, келе жатқан Жақып көрінді. *Жалма-жан көз жасымды көріп қоймасын деп, бетіме суық су бүркіп жата қалағаным да сол еді, есікті тарс-тұрс ашып ол да үйге кірді* («Кінәлі махаббат», 209-б.). **Дуал//дауал**. 1. Үйдің қабырғасы. 2. Қораның қоршауы. (Шымк., Арыс., Жамб., Мер.). *Дуалға сүйеп қойған қаптың артын, ошақ жанындағы бүктетіліп жатқан алашаның астын, тіпті есік алдына шығып үюлі отынның маңын да сипалап қарап көрді* (Д.И., 318-б.). **Ырдуан**. Пар өгіз жегетін жіңішке үлкен арба (Жезқ., Ағад.; Көкш.: Қ.ту, Еңб.). *Жүре алмайтын қойдың бәрін салып алу үшін өгіз жегіп **ырдуан** жіберсін, – деді* (С.Ж., 279-б.).

2. Туыстық атауға байланысты: **Әпше//** әпке. Апа (Шымк., Сарыағ.). *Апа,*

әпшем есінен танып құлап қалды, – деді Оспан жылап. Ол жылаған соң өзге балалар да шулап қоя берді (Д.И., 356-б.). Ол бәрін құшақтап тұрып, ұзақ-ұзақ сүйді. Әсіресе шашы жалбыраған шынашақтай қара қызды құшақтағанда, ол келін: «*Әпше, әпше*», – деп жылағанда мұның кәдімгідей көңілі босап, даусы шығып кетті (Д.И., 367-б.). «Жаннан артық көруші атамыз Молдарәсіл, әжеміз Қызжымкүл, – деп бастапты хатын немерелері: **Жамиға әпкемнен** сіздердің бұ жалғанда бар екендеріңізді білгенде төбем көкке жеткендей қуандым (Д.И., 388-б.).

3. Бау-бақша егісімен байланысты: **Бәдірен**. Қияр (Оңтүстік аймақта). Қазір сол шалдардың өзі көкнәрлік жерлерін айдатып тастап, орнына **бәдірен** дей ме, кәпөсте дей ме, қайдағы бірденелерді септі де тастады (Д.И., 316-б.). Кейіпкерлердің сөз саптасын көрсету үшін жергілікті тіл ерекшеліктерін стильдік мақсатта қолдану үрдісін аталмыш жазушылар повестерінде өз орнымен қолдана білген.

Қорытынды

Қаламгерлердің шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін, кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөлінген. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі лексикалық топтарды шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің, варваризмдердің, диалект сөздердің, жаргон сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіземіз.

Әдебиеттер

1. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 бет.
2. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 бет.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1992. – 250 бет.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 93 бет.
5. Болғанбайұлы Ә., Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы, 2001. – 311 б.
6. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана, 2007. – 79 бет.
7. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 197 бет.
8. Пірімбетов Т. Қарапайым сөздер мен сөйлеу тілінің басқа да элементтерімен арақатынасы. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 1986. – №1. – 15 бет.
9. Әнес Ғ., Үдербаев А. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 бет.
10. Қайдаров Ә. Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі. // Өнер алды – қызыл тіл. – Алматы, 1986.
11. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 200 бет.